

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 397-VI ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б.қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2 -3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4 -5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122 -құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат ; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 118-құжат; 2020 ж., № 12, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-20, 81 -құжат; 2020 жылғы 20 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 740-баптың 1-тармағы үшінші бөлігінің 1) тармақшасы "және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 741-баптың екінші бөлігінің 1) тармақшасы "және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 91-құжат; 2020 ж., № 13, 67-құжат):

1) мазмұнында 85-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"85-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы стандарттау және сәйкестікті растау";

2) 1-баптың 43-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"43-1) су сапасының нормативтері – жерүсті су объектілері жай-күйінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін сақталуға тиіс судың шекті гидрохимиялық, микробиологиялық, физикалық сипаттамаларының сандық көрсеткіштері";

3) 53-баптың 4-тармағындағы "аттестатталған" деген сөз "аккредиттелген" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 56-баптың 3-тармағындағы "стандарттарын" деген сөз "нормативтерін" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 85-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"85-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы стандарттау және сәйкестікті растау

1. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы ұлттық стандарттар Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі.

2. Суды тазарту мен зарарсыздандырудың жеке тұрмыстық және топтық техникалық құралдарына, сондай-ақ ауызсумен жабдықтау жүйелерінде пайдаланылатын материалдарға, реагенттерге, технологиялық процестерге, жабдықтарға және өзге де құралдарға қатысты ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкестікті растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады."

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 12, 39-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 16, 55-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 99, 106-құжаттар; № 24-I, 118, 119-құжаттар; 2020 ж., № 9, 31-құжат; № 10, 39, 44-құжаттар; № 11, 54-құжат; № 12, 61, 63-құжаттар; № 14, 68, 75-құжаттар; № 16, 77-құжат):

209-баптың 1-тармағындағы және 210-баптың 2-тармағындағы "төтенше жағдайдың қолданылу кезеңіне айқындалған" деген сөздер алып тасталсын.

4. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 10, 32-құжат; № 16, 53, 56-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 118, 119-құжаттар; № 24-II, 120-құжат; 2020 ж., № 9, 29-құжат; № 10, 44-құжат; № 12, 63-құжат; № 16, 77-құжат; № 19-20, 81-құжат; 2020 жылғы 17 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 20 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу кезінде ұстап алу мерзімдерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 20 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

161-баптың жетінші бөлігінің екінші абзацындағы "есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға" деген сөздер "есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 90, 91-құжаттар; № 23, 108-құжат; № 24-I, 118-құжат; № 24-II, 123, 124-құжаттар; 2020 ж., № 9, 33-құжат; № 10, 39, 44-құжаттар; № 11

, 59-құжат; № 12, 61-құжат; № 13, 67-құжат; № 14, 68-құжат; № 16, 77-құжат; 2020 жылғы 20 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 131-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"131-1-бап. Бірыңғай есеп беру күні";

2) 84-баптың 1-тармағы үшінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

3) 90-бап мынадай мазмұндағы 2-3), 2-4) және 2-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-3) Бірыңғай есеп беру күнін ұйымдастыру мен өткізуді;

2-4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды;

2-5) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген сыйақы мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды";

4) 113 және 114-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"113-бап. Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу

Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу осы Кодекске және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес өнімге, оның ішінде ғимараттар мен құрылысжайларға, өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздістiрудi қоса алғанда), өндiру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілеуді және орындауды, өнімге, процестерге және қызметтер көрсетуге, сәйкестікті бағалауға және мемлекеттік бақылау мен қадағалауға қойылатын талаптарды ерікті негізде қолдануды білдіреді.

114-бап. Техникалық реттеу объектілері

Техникалық реттеу объектілері мыналар болып табылады:

азаматтық авиация өнімін, мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын немесе заңға сәйкес қорғалатын қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратқа жататын мәліметтерді қорғау мақсатында пайдаланылатын өнімді, мәліметтері мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын өнімді, атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты талаптар белгіленетін өнімді, бұрын пайдалануда болған өнімді, ветеринариялық препараттарды, дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы) қоспағанда, өнім;

өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздістiрудi қоса алғанда), өндiру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестері;

ветеринария, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік, медициналық, білім беру, қаржылық, банктік және реттелуі Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген басқа да көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, ерікті сертификаттау бөлігіндегі көрсетілетін қызметтер.";

5) 115-баптағы "Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын және техникалық реттеу объектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес пайдалану құқығын иеленетін" деген сөздер "мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылымына кіретін жеке және заңды тұлғалар және техникалық реттеу объектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес пайдалану құқығын иеленетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 131-1-баппен толықтырылсын:

"131-1-бап. Бірыңғай есеп беру күні

1. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылын жақсарту мақсатында жыл сайын қыркүйектің соңғы бейсенбісінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бақылау және қадағалау органдарының Бірыңғай есеп беру күні өткізіледі.

2. Астанада, республикалық маңызы бар қалаларда және облыс орталықтарында кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелерін талқылау және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың профилактикасы бойынша кездесу Бірыңғай есеп беру күні болып табылады.";

7) 139-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) өнімді айналысқа шығару бөлігінде оның техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне техникалық реттеу саласында;"

8) 141-бапта:

2-тармақтың он алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктеріне өзгерістер енгізу Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

3-тармақтың он бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) егер бару "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілетін бақылау және қадағалау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қорытындылары бойынша өнім үлгілерін іріктеумен байланысты болса;"

9) 146-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "1), 3)" деген цифрлар "1), 2-1), 3)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

10) 147-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "1), 3)" деген цифрлар "1), 2-1), 3)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

11) 287-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Арнайы инвестициялық келісімшарт шеңберінде арнайы инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес технологиялық жабдықтың, оның жиынтықтаушы және оған қосалқы бөлшектердің импорты кезінде кедендік баждар салудан босатылады.

Арнайы инвестициялық келісімшарт негізінде арнайы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары әкелген пайдаланылған шикізатты және (немесе) материалдарды кедендік баждар салудан босату еркін кеден аймағының немесе еркін қойманың кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталған кезде, осындай шикізат пен материалдар алынған өнімде сәйкестендірілген және шартты түрде шығарылған тауарларды нысаналы пайдаланылуы танылған жағдайда жүзеге асырылады."

6. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36, 37-құжаттар; № 15-16, 67-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 118, 119-құжаттар; 2020 ж., № 9, 31-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 63-құжат; № 13, 67-құжат; № 14, 68, 72-құжаттар; № 16, 77-құжат):

156-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацындағы "төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерге" деген сөздер "төленетін, банктік шоттардағы және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-IV, 112-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-II, 124-құжат; 2020 ж., № 12, 61-құжат; № 13, 67-құжат):

61-бап мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;"

8. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 119-құжат; 2020 ж., № 9, 31, 33-құжаттар; № 12, 61, 63-құжаттар; № 13, 67-құжат; № 14, 75-құжат):

1) 36-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының бірінші бөлігіндегі "әлеуметтік төлемдер түрінде қарыз алушы алатын ақшаны" деген сөздер "әлеуметтік төлемдер түрінде қарыз алушы алатын ақшаны (электрондық ақшаны)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 51-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасы "және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 8, 238-құжат; № 23, 925-құжат; 2000 ж., № 23, 411-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2004 ж., № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-I,

19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 21-22, 90-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 ж., № 9, 31-құжат; № 12, 61-құжат):

1) 1-баптың 1) тармақшасы "ақшалай" деген сөзден кейін ", оның ішінде электрондық ақшамен төленетін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 3-тармағы "ақша" деген сөзден кейін ", оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен" деген сөздермен толықтырылсын.

10. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 19-I, 101-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; № 19-20, 86-құжат; 2020 ж., № 13, 67-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) алкоголь өнімі – Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің (бұдан әрі – техникалық регламент) талаптары қолданылмайтын өнімді қоспағанда, тағамдық шикізаттан өндірілген этил спирті және (немесе) этил спиртінің көлемдік үлесі 0,5 пайыздан асатын, құрамында спирт бар тағамдық өнімді пайдаланбай немесе пайдалана отырып дайындалған тағамдық өнім;"

4-1) тармақшадағы "(сыра мен сыра сусынынан басқа)" деген сөздер "(сыра қайнату өнімінен басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "(шараптан, сыра мен сыра сусындарынан басқа) шоғырлануы туралы, этил спиртінің (сыра мен сыра сусындарынан басқа)" деген сөздер "(шарап ашыту және сыра қайнату өнімінен басқа) шоғырлануы туралы, этил спиртінің (сыра қайнату өнімінен басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "(шарап материалынан, сыра мен сыра сусынынан басқа)" деген сөздер "(толысылған шараптан, сыра қайнату өнімінен басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

18-1) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1) сыра қайнату өнімін құю – сыра қайнату өнімін тасымалдау мен сақтауды көздемейтін, оны бөлшек саудада өткізу тәсілі;"

"23) этил спирті – ашымықты кейіннен айдау және (немесе) тазартып айыру немесе этил спирті шикізатын тазарту арқылы құрамында қант және крахмал бар шикізатты (жемістен басқа) спирттік ашыту әдісімен өндірілген, құрамында ілеспе ұшпа қоспалары бар, сондай-ақ тағамдық шикізаттан дайындалған этил спиртінің бас фракциясынан және этил спиртін, арақтарды, ликер-арақ бұйымдарын өндіру кезінде түзілетін қайта өңдеу өнімдерінен алынған этанол су ерітіндісін білдіретін, күштілігі кемінде 88 пайыз өнім;"

24) тармақшадағы "(шараптан, сыра мен сыра сусынынан басқа) шоғырлануы, этил спиртінің (сыра мен сыра сусынынан басқа)" деген сөздер "(шарап ашыту және сыра қайнату өнімінен басқа) шоғырлануы, этил спиртінің (сыра қайнату өнімінен басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) техникалық регламентке сәйкес этил спирті мен арақтарды, айрықша арақтарды, тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды өндірушілер үшін өндірістік қуатты пайдаланудың ең төмен пайызын және өндірістің ең аз көлемдерін белгілеу;"

3) 4-баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

"3) техникалық регламентке сәйкес алкоголь өнімін белгілі бір түрге жатқызады;

4) өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен толысылған шарапты, сондай-ақ сыра қайнату өнімін өндіруден басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

4) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Алкоголь өнімінің түрлері

Алкоголь өнімінің түрлері, санаттары, атаулары мен ұғымдары техникалық регламентке сәйкес айқындалады."

5) 7-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Алкоголь өнімін өндіру үшін техникалық регламентке сәйкес этил спирті және тағамдық шикізат қолданылады.

Этил спирті этил спирті шикізаты және тазартылған этил спирті болып бөлінеді."

5-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен толысылған шарапты, сондай-ақ сыра қайнату өнімін өндіруден басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін технологиялық желілерді есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандырмай өндіруге;

2) өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен толысылған шарапты, сондай-ақ сыра қайнату өнімін өндіруден басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь

өнімін ақаулы есепке алатын бақылау аспаптарымен, сол сияқты есепке алуда нормативтен тыс ауытқулармен өндіруге тыйым салынады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Этил спиртіні өндіруге өндіріс паспортында көрсетілген өндірістік қуаттың кемінде жиырма пайызы пайдаланылған кезде жол беріледі.

Лицензия алынған (жаңартылған) күнтізбелік тоқсанды қоспағанда, арақтарды, айрықша арақтарды, тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды өндіруге өндіріс паспортында көрсетілген өндірістік қуаттың кемінде қырық пайызы, бірақ күнтізбелік тоқсанда кемінде жиырма бес мың декалитр пайдаланылған кезде жол беріледі.";

6) 8-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Алкоголь өнімінің барлық түрін таңбалау техникалық регламентке сәйкес жүргізілуге тиіс.";

7) 9-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мыналарға:

1) қаңылтыр ыдыста (сыра қайнату өнімінен және алкогольі аз сусындардан басқа), затбелгісі жоқ шөлмекте және пластикалық сауытта (сыра қайнату өнімін түпкілікті тұтынушыға құюды қоспағанда);

2) техникалық регламентте белгіленбеген ыдыста және қаптамада;

3) есепке алу-бақылау таңбасымен таңбалануға жататын болса да есепке алу-бақылау таңбасынсыз, сондай-ақ белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін таңбасы бар алкоголь өнімінің айналымына тыйым салынады.";

8) 10-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағына этил спиртінің, толысылған шарап пен дистилляттың импорты алкоголь өнімін өндіруге лицензия және сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған қосымша және (немесе) толықтыру болған кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімінің (толысылған шараптан және дистилляттардан басқа) импорты алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия және сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған қосымша және (немесе) толықтыру болған кезде жүзеге асырылады.";

1-1-тармақта:

бірінші бөліктегі "осы Заңның 5-бабының 1-тармағында" деген сөздер "техникалық регламентте" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасына әкелінетін этил спирті мен алкоголь өнімінің қауіпсіздігі техникалық регламенттерге сәйкес келуге тиіс.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Еркін қоймаларда этил спиртін, толысылған шарапты және дистиллятты өндіруге және қайта өңдеуге, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіруге тыйым салынады.";

9) 11-бап мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Тәркіленген этил спиртін этил спирті мен алкоголь өнімін өндірушілерге ғана өткізуге жол беріледі.".

11. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж., № 11-12, 62-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2018 ж., № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 21-22, 91-құжат):

1) 1-баптың 8) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі – өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында қызметін жүзеге асыратын объектілердің, мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың жиынтығы;

9) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімі – өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы объектілердің, жұмыстарға қатысушылар мен құжаттардың электрондық дерекқоры;"

2) 6-2-бап мынадай мазмұндағы 21-1) және 21-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-1) өлшем құралдарын бастапқы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша айналымға шығарылатын өлшем құралдарының тізбесін бекіту;

21-2) дайындаушы немесе сатушы өлшеп-ораған кез келген түрдегі қаптамадағы өнімнің, сондай-ақ өткізу кезіндегі импорттаушы әкелген өлшеніп-оралған өнімнің және сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өнім санының сәйкестігін мемлекеттік метрологиялық бақылау мақсатында анықтау жөніндегі тәртіпті айқындау;"

3) 11-3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өлшем құралдарын калибрлеу әдістемелерін шама бірліктерінің эталондарын және өлшем құралдарын калибрлеуді орындайтын заңды тұлғалар, оларды жасаушылар, иелері және (немесе) пайдаланушылар әзірлейді және бекітеді.";

4) 12-баптың екінші бөлігі "әдістемелері" деген сөзден кейін "метрологиялық аттестаттауға және" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 17-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Өлшем құралдарын бастапқы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша айналымға шығарылатын өлшем құралдарының тізбесіне енгізілген өлшем құралдары өлшем құралдарының типін бекіту және оларды метрологиялық аттестаттау мақсатында сынақтарға жатпайды.";

6) 19-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

7) 20-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік реттеуге жататын өлшем тізбелерінде және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген метрологиялық талаптар өлшемдер кезінде қолданылатындарды қоспағанда, аккредиттеу субъектілері қолданатын өлшем құралдары калибрлеуге жатады.";

8) 20-1-баптың 1-тармағы "стандарттардың" деген сөзден кейін "(сәйкестік дәрежесі бірдей халықаралық және өңірлік стандарттар негізінде әзірленетін стандарттарды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 22-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар мемлекеттік метрологиялық бақылау объектілері болып табылады:

1) шама бірліктерінің мемлекеттік эталондары;

2) шама бірліктерінің эталондары мен өлшем құралдары;

3) стандартты үлгілер;

4) нормативтік құқықтық актілер, техникалық регламенттер;

5) өлшемдерді орындау әдістемелері және өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері;

6) сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өнімнің саны;

7) кез келген түрдегі қаптамаларда өлшеніп-оралған өнімді өткізу кезінде оның саны.";

3-тармақ алып тасталсын;

10) 23-бап алып тасталсын;

11) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Мемлекеттік метрологиялық бақылау

1. Осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерді мемлекеттік метрологиялық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерге бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектісіне беру және оған

әкімшілік жүктемені төмендету бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді, оның ішінде:

- 1) мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар берген;
- 2) ақпараттық жүйелерден алынған;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарынан және өзге де ашық көздерден, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарынан алынған мәліметтер негізінде зерделеу, талдау, салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша бақылау субъектісіне бұзушылықтарды жою тәсілі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмай, анықталған бұзушылықтарды бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жою туралы ұсыным (бұдан әрі – ұсыным) жасалады.

Ұсыным бақылау субъектісіне қолын қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным бақылау субъектісіне мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – алғаны туралы ұсынымға белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен – тапсырысты хатпен;
- 3) электрондық тәсілмен – бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша ұсыным ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылықты жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігі – ай сайын 25-інен кешіктірілмей, айына бір реттен артық емес.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бармай профилактикалық бақылауды тіркеудің арнайы журналында есепке алынуға жатады, ол нөмірленген, тігілген және уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекемделген болуға тиіс.

3. Осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерге мемлекеттік метрологиялық бақылау:

1) мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбелерінде және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген метрологиялық талаптардың іс жүзінде орындалуын айқындау үшін;

2) иеліктен шығарылатын өнімнің массасын, көлемін, шығысын немесе санын сипаттайтын басқа да шамаларды айқындаудың дұрыстығын тексеру мақсатында;

3) қаптамадағы өнім санының қаптамада белгіленген шамаға сәйкестігін тексеру мақсатында жүзеге асырылады.";

12) 28-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік метрологиялық бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мыналар мемлекеттік метрологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға жатады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – уәкілетті орган ведомствосының басшысы;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары – уәкілетті орган ведомствосы басшысының орынбасарлары;

3) мемлекеттік бақылау жөніндегі аумақтық бас мемлекеттік инспекторлар – уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің басшылары;

4) мемлекеттік бақылау жөніндегі аумақтық бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары – уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары;

5) мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар – уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары.";

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті ұсынымдар, нұсқамалар жасауға, беруге;".

4-тармақ алып тасталсын.

12. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21

-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 68-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 19-20, 86-құжат; № 24-I, 118-құжат; 2020 жылғы 22 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

бүкіл мәтін бойынша "сәйкестікті растау", "Сәйкестікті растау" және "сәйкестігін растау" деген сөздер тиісінше "сәйкестікті бағалау", "Сәйкестікті бағалау" және "сәйкестігін бағалау" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат; № 13, 45-құжат; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 72-құжат; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 23, 103, 108-құжаттар; № 24-I, 119-құжат; 2020 ж., № 9, 33-құжат; № 10, 39-құжат; № 13, 67-құжат; № 16, 77-құжат):

1) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 14-3) және 14-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-3) аттракциондардың, балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14-4) бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

2) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 27-2) және 27-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"27-2) аттракциондардың, балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

27-3) бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

14. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 247-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 23, 117-құжат; 2011 ж., № 10, 86-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 10, 50-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 158-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат; № 14, 42-құжат; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 ж., № 10, 39-құжат; № 13, 67-құжат):

1-бапта:

9) тармақша "төлемдер нысанында" деген сөздерден кейін ", оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша "төлем нысанында" деген сөздерден кейін ", оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен" деген сөздермен толықтырылсын.

15. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; 2020 ж., № 11, 59-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 14-2) және 18-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-2) қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шара – Қазақстан Республикасынан импортқа қатысты үшінші тарап енгізетін және ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын шара;"

"18-1) рұқсат беру құжаты – сыртқы сауда қызметіне қатысушыға тауарлардың жекелеген түрлерін әкелу және (немесе) әкету құқығына берілетін құжат (лицензия, мемлекеттік бақылау актісі, қорытынды, нотификация, рұқсат);"

19) және 20) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-1), 40-1) және 40-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-1) сараптама ұйымы – штатында тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор бар, тауардың шығу тегіне, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесіне сараптама жүргізу жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын заңды тұлға;"

"40-1) тауардың шығу тегі туралы сертификат – тауарды шығарған ел, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесі туралы куәландыратын құжат;

40-2) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар – уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен аттестатталған жеке тұлғалар;"

2) 5-баптың 2-тармағы 8) тармақшасындағы "қолдану болып табылады." деген сөздер "қолдану;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге алына отырып енгізілетін шараларды қолдану болып табылады.";

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 7-2), 7-3), 7-4) және 15-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-2) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның қолданысының күшін жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ тауарды шығарған елді айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілейді;

7-3) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру және оның қолданысының күшін жою жөніндегі қағидаларда көзделген тәртіппен, тауар әкелінетін елдің уәкілетті органдарының сұрау салулары негізінде тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды берудің негізділігін, оларда қамтылған мәліметтердің анықтығын және дайындаушылардың тауарларды шығарған елді айқындау өлшемшарттарын орындауын верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады ;

7-4) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, тауарларды шығарған елді растау мақсатында экспорттаушыларды тауар әкелінетін елдердің ақпараттық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады;"

"15-4) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарды, оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту тәртібін бекітеді;"

4) 8-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

7-2) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген сыйақы мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

5) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу

1. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу шараларына мыналарды:

- 1) кедендік баждарды;
- 2) тарифтік жеңілдіктерді;
- 3) тарифтік преференцияларды;
- 4) тарифтік квоталарды қолдану жатады.

2. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін қажетті, оның ішінде құпия ақпаратты қамтитын мәліметтерді береді.

Егер бірлескен актілерді қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, ақпарат осындай нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын тәртіппен беріледі.";

6) 17-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметіне тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін қажетті, оның ішінде құпия ақпаратты қамтитын мәліметтерді береді.

Егер бірлескен актілерді қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, ақпарат осындай актілерде айқындалатын тәртіппен беріледі.

4. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының негізінде экономикалық салдарларды жою үшін қажетті мерзімге енгізілетін шараларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шаралары олар енгізілген күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімге енгізіледі.";

7) 18-1 және 18-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1-бап. Рұқсат беру тәртібі

1. Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат беру тәртібі рұқсат беру құжаттарын беру жолымен сыртқы сауда қызметін лицензиялауды енгізу немесе өзге де әкімшілік реттеу шараларын қолдану арқылы іске асырылады.

2. Рұқсат беру тәртібін уәкілетті орган немесе орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде енгізеді және оның күшін жояды.

18-2-бап. Қарсы шаралар

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін тиімді қорғау мақсатында орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде қарсы шараларды, егер үшінші тарап немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет:

1) халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасына қатысты қабылдаған міндеттемелерді орындамаса;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін бұзатын шараларды, оның ішінде қазақстандық тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, жұмыс күшінің) үшінші тарап немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет нарығына кіруін негізсіз жабатын (шектейтін) не оларды өзгеше түрде негізсіз кемсітетін шараларды қабылдаса, енгізеді.";

8) мынадай мазмұндағы 18-4 және 18-5-баптармен толықтырылсын:

"18-4-бап. Ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге алына отырып енгізілетін шаралар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті органның ұсынысы бойынша ұлттық қауіпсіздік мүдделерін сақтау мақсатында осы Заңның 16 – 21-баптарында көзделген шараларды енгізуге құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шаралар тауарлар импортының ұлттық қауіпсіздікке әсерін айқындау жөнінде уәкілетті орган жүргізген талдау нәтижелері бойынша енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге алына отырып енгізілетін шараларды енгізу кезінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

18-5-бап. Сараптама ұйымы және тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар

1. Сараптама ұйымы экспортқа және кері экспортқа тауардың шығу тегі туралы сараптамалардың актілерін қоспағанда, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар жасаған, тауардың шығу тегі, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау туралы сараптама актілерін куәландырады және береді.

2. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар уәкілетті органда аттестаттаудан өтеді және олар өз қызметін бір сараптама ұйымының құрамында жүзеге асырады.

3. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар өтінімде және өтінім беруші ұсынған құжаттарда қамтылған мәліметтерде жалған және (немесе) анық емес фактілер анықталған кезде тауардың шығу тегі туралы сараптама актілерін жасаудан, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындаудан бас тартуға міндетті.

4. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен сараптама ұйымдары тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.";

9) 22-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Сауда шаралары және қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шаралар";

2-тармақ "шараларын" деген сөзден кейін "және қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шараларды" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 22-3-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Берілуі Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты жүзеге асырылатын, оның ішінде мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде берген ақпаратты, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес ДСҰ-ның жұмыс және консультативтік органдарына жібереді.";

11) 4-тарау мынадай мазмұндағы 22-5-баппен толықтырылсын:

"22-5-бап. Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың,

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу мәселелері бойынша өзара іс-қимылын үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын қалыптастыру, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттері директорларының және директорлары орынбасарларының бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілік іріктеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерінің бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілікті іріктеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген кандидаттарға қатысты "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мемлекеттік қызметшілерді іссапарға жіберу бөлігіндегі нормалары қолданылмайды.

3. Берілуі Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігіне байланысты жүзеге асырылатын, оның ішінде мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде берген ақпаратты, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыс және консультативтік органдарына жібереді."

16. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 12, 44-құжат; 2007 ж., № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 106-құжат; 2020 ж., № 10, 38, 39-құжаттар; № 12, 61-құжат; № 13, 67-құжат):

1) 1-баптың 1) тармақшасының жетінші абзацы "ақшалай" деген сөзден кейін ", оның ішінде электрондық ақшамен төленетін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-2-баптың 3) тармақшасы "жәрдемақылардың" деген сөзден кейін ", оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен" деген сөздермен толықтырылсын.

17. "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 19-20, 86-құжат; 2020 ж., № 10, 44-құжат):

1) 1-баптың 9) және 10) тармақшалары алып тасталсын;

2) 5-баптың 5) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтары алып тасталсын;

3) 6-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын :

"3-1) ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын рәсімдерді қоспағанда, тамақ өнімдерін өткізу сатысында тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына олардың сәйкестігін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;"

4-тармақ алып тасталсын;

4) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Арнайы мақсаттағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Мыналар арнайы мақсаттағы тамақ өнімдеріне жатады:

1) спортшыларды, жүкті және бала емізетін әйелдерді тамақтандыруға арналған арнайы тамақ өнімдері;

2) диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақтанудың, оның ішінде балалар тағамына арналған тамақ өнімдері.

2. Арнайы мақсаттағы тамақ өнімдері:

1) Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында және техникалық регламенттерде белгіленген арнайы мақсаттағы тамақ өнімдеріне қойылатын талаптарға сай келуге;

2) сатып алушылардың (тұтынушылардың) тиісті топтарының физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға;

3) тамақтық, биологиялық және энергетикалық құндылығы бойынша ыдыста (қаптамада) көрсетілген ақпаратқа сәйкес келуге тиіс.";

5) 16-баптың 2-тармағындағы "Осы Заңның 13-бабының 3-тармағында" деген сөздер "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламентте" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-бап алып тасталсын;

7) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Тамақ өнімдерін сақтау және тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімдерін сақтау және тасымалдау тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес олардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Егер тамақ өнімдерін сақтау және (немесе) тасымалдау кезінде олардың қауіпті қасиеттерге ие болуына алып келген бұзушылыққа жол берілсе, ол тиісті сараптамаға жіберіліп, оның нәтижелері бойынша кәдеге жаратылады немесе жойылады.";

8) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін өндірістік бақылау техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.";

9) 29 және 30-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Сәйкестікті бағалау

Тамақ өнімдерін өндіру (дайындау), сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу мен кәдеге жарату процестерінің сәйкестігін бағалау тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттің және (немесе) тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне арналған техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікке жүзеге асырылады.

30-бап. Тамақ өнімдерін сәйкестендіру

Тамақ өнімдерін сәйкестендіру Еуразиялық экономикалық одақтың, оның ішінде тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне арналған техникалық регламенттерінде белгіленген техникалық реттеу объектілерін сәйкестендіру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады."

18. "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 134-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2018 ж., № 23, 88-құжат):

1) 17-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Химиялық өнімді көліктің алуан түрінде тасымалдауға арналған қаптамаларды қолдануға қойылатын талаптар тиісті техникалық регламенттерде белгіленеді.";

2) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Химиялық өнімді таңбалауға қойылатын талаптар

Барлық қауіпті химиялық өнім оның қауіпті қасиеттері туралы хабардар ететін ескертпелік таңбалануға жатады.

Химиялық өнімді ескертпелік таңбалау кезінде көрсетілуге тиіс стандарттық қауіптілік нышандарының тізбесі ұлттық немесе мемлекетаралық стандартқа сәйкес белгіленеді."

19. "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аттракциондарды пайдалануға беру және техникалық куәландыру ұлттық стандартқа сәйкес жүзеге асырылады."

20. "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 138-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

5-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын.

21. "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 59-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2018 ж., № 19, 62-құжат):

1) кіріспедегі "растау жөніндегі органдарды, сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларын (орталықтарын), өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу саласындағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ сәйкестікті бағалау саласындағы олармен байланысты өзге де " деген сөздер "бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеу саласындағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ олармен байланысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Аккредиттеу жөніндегі кеңес – аккредиттеу жүйесін стратегиялық дамыту, аккредиттеу саласында ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған, тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган;"

4) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аккредиттеу жөніндегі орган – аккредиттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарға мүше болып табылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорын;"

"13) аккредиттеу субъектісі – осы Заңда белгіленген тәртіппен аккредиттеуден өткен, сәйкестікті бағалау жөніндегі орган;"

мынадай мазмұндағы 13-1), 13-2), 13-3) және 13-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-1) аккредиттеу субъектісінің қызметін мониторингтеу – осы Заңға сәйкес аккредиттеу жөніндегі орган жүзеге асыратын, аккредиттеу субъектілерінің қызметі туралы мәліметтер мен ақпаратты аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігі тұрғысынан жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралар жиынтығы;

13-2) аккредиттеу схемасы – бірдей талаптар қолданылатын, сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеуге қатысты қағидалар мен процестер;

13-3) бағалау – стандарттау жөніндегі құжаттар негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш берушінің (аккредиттеу субъектісінің) құзыреттілігін айқындау мақсатында аккредиттеу жөніндегі орган жүзеге асыратын процесс;

13-4) бағалау техникасы – аккредиттеу жөніндегі орган стандарттау жөніндегі құжаттарға, оның ішінде аккредиттеу жөніндегі орган мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың стандарттау жөніндегі құжаттарына сәйкес бағалау жүргізу үшін пайдаланатын әдіс;"

14) тармақша алып тасталсын:

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) калибрлеу зертханасы (орталығы) – өлшем құралдарын калибрлеуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін оның құрылымдық бөлімшесі;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) куәгерлік бағалау – аккредиттеу жөніндегі органның өз аккредиттеу саласы шегінде сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметті орындайтын сәйкестікті бағалау жөніндегі органды байқау;"

15-2) тармақша алып тасталсын;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"21) сәйкестікті бағалау – сәйкестікті бағалау объектісіне қойылатын талаптардың сақталуын тікелей немесе жанама айқындау;"

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) сәйкестікті бағалау жөніндегі орган – сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;"

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) сәйкестікті бағалау объектілері – техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда айқындалған, сәйкестікті растауға, зерттеуге, сынауға, өлшеуге, салыстырып тексеруге, калибрлеуге, аттестаттауға және бағалаудың өзге де түрлеріне жататын объектілер;"

3) 4-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар кіреді.";

4) 5-баптың 2) және 2-1) тармақшалары алып тасталсын;

5) 6-бапта:

1-1) тармақша алып тасталсын;

1-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2) аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;"

мынадай мазмұндағы 1-3) тармақшамен толықтырылсын:

"1-3) Аккредиттеу жөніндегі кеңесті құрады, оның құрамын және ол туралы ережені әзірлейді және бекітеді;"

6) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Аккредиттеу жөніндегі орган мынадай талаптарға сәйкес келуге:

1) штатында аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлар болуы;

2) аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың мүшесі болуы;

3) аккредиттеу субъектілерімен үлестес тұлға болмауы тиіс.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аккредиттеу жөніндегі орган:

1) мыналарға:

аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды, техникалық сарапшыларды және арнайы білімі бар басқа да адамдарды аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысу үшін тартуға;

аккредиттеу жөніндегі халықаралық (өңірлік) мемлекеттік емес және үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына қатысуға;

өлшем құралдарының салыстырма сынақтарын және оларды салыстырып тексеру мен калибрлеу нәтижелерін салғастыруды ұйымдастыруға;

бағалау техникаларын қолдану тәртібін, өлшемшарттары мен талаптарын айқындауға;

жоспарлы және жоспардан тыс бағалауды жүргізуге;

аккредиттеу субъектілерінің қызметіне аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігі тұрғысынан мониторинг жүргізуге;

аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттауды жүргізуге құқылы;

2) мыналарға:

аккредиттеу аттестатының, аккредиттеу аттестаттарына қосымшалардың, аккредиттеу белгісінің нысандарын белгілеуге;

осы Заңда белгіленген тәртіпті сақтай отырып, аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге;

аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде белгілі болған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің жария болуына жол бермеуге;

аккредиттеу субъектілерінің тізілімін жүргізуге;

интернет-ресурсты жүргізуге және қолдап отыруға, онда аккредиттеу субъектілерінің тізілімін ресми жариялауға, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орналастыруға;

аккредиттеу аттестаты кері қайтарып алынған немесе аккредиттеуден кейінгі шарт тоқтатылған жағдайда бұл туралы уәкілетті органды үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге;

аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын жаңарту туралы өтінімдерді қарауға;

шағымдар мен апелляцияларды қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға, қабылданған шешімдер туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыруға;

осы Заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуға, қайтаруға және аккредиттеу аттестатының күшін жою туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;

жоспарлы және жоспардан тыс бағалаудың, сондай-ақ аккредиттеу субъектісінің қызметін мониторингтеу нәтижелерін тоқсан сайын уәкілетті органға беруге;

аккредиттеу субъектілерінің тізіліміне мәліметтер енгізу арқылы аккредиттеу аттестатын тоқтата тұруға, одан айыруға қатысты сот, уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері шығарған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енген қаулының орындалуын қамтамасыз етуге;

аккредиттеу жөніндегі органның қызметін регламенттейтін халықаралық нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келуге;

аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы жалпы өлшемшарттар мен қағидаларды белгілейтін мамандандырылған халықаралық ұйымдардың құжаттарын ендіруді және қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.";

7) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Аккредиттеу субъектілерінің қызметін мониторингтеу

1. Аккредиттеу субъектілерінің қызметін мониторингтеу аккредиттеу субъектілері көрсеткен аккредиттеу саласындағы жұмыстардың, қызметтердің және процестердің нәтижелерін аккредиттеу жөніндегі органның байқауы арқылы жүзеге асырылады.

2. Аккредиттеу субъектілерінің қызметін мониторингтеу нәтижелері бойынша аккредиттеу өлшемшарттарын бұзушылық анықталған жағдайда осы Заңға сәйкес шаралар қолданылады.

3. Аккредиттеу субъектілерінің қызметін мониторингтеуді жүзеге асыру қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.";

8) 8-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Өтініш берушілер мен аккредиттеу субъектілері";

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Өтініш беруші:

1) зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тұрған жерінде аккредиттеу жөніндегі органға негізделген себептерді көрсете отырып, сәйкессіздіктерді жою мерзімдерін ұзарту, бірақ отыз жұмыс күнінен асырмай ұзарту туралы жүгінуге;

2) аккредиттеу жөніндегі органның шешімдеріне апелляция жөніндегі комиссияға апелляциялар беруге құқылы.

3-2. Өтініш беруші:

1) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында, стандарттау жөніндегі құжаттарда, сондай-ақ аккредиттеу сұратылатын немесе берілетін, аккредиттеу жөніндегі орган мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың құжаттарында белгіленген аккредиттеуге қойылатын талаптарды сақтауға және орындауға;

2) тұрған жерінде зерттеп-қарау жүргізу кезінде аккредиттеу жөніндегі органға үй-жайға (үй-жайларға) кіруді, жабдыққа және ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

3) мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес куәгерлік бағалауды ұйымдастыруға міндетті.";

4-тармақта:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аккредиттеу жөніндегі органға аккредиттеу саласын кеңейту немесе қысқарту, қайта аккредиттеу, ерікті түрде кері қайтарып алу, кері қайтарып алынған аккредиттеу аттестатының қолданысын қайта бастау және аккредиттеу аттестатының қолданысын тоқтату туралы өтінішпен жүгінуге;

3) апелляция жөніндегі комиссияға аккредиттеу жөніндегі органның шешімдеріне апелляциялар беруге құқылы;"

4) тармақша алып тасталсын;

5-тармақта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) аккредиттеу жөніндегі органның жоспарлы (жоспардан тыс) бағалау жүргізуін және сол жерде зерттеп-қарауын қамтамасыз етуге;"

10) тармақшадағы "тоқтатуға міндетті." деген сөздер "тоқтатуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2) және 10-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) үй-жайға (үй-жайларға) кіруді, жабдыққа, ақпаратқа қол жеткізуді, оның ішінде персоналдың болуын қамтамасыз етуге;

6-2) куәгерлік бағалау жүргізуді қамтамасыз етуге және бағалауды жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнына ақы төлеуді жүргізуге;";

"10-1) аккредиттеу үшін қажетті ақпаратқа, құжаттарға, есептерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес алып қоюға жататын өнімге сәйкестікті бағалау туралы құжат берген аккредиттеу субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

9) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар

1. Аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар осы Заңға сәйкес аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысады.

2. Аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, техникалық сарапшылар өз қызметін еңбек шартының не азаматтық-құқықтық шарттың негізінде жүзеге асырады.";

10) 14-баптың бірінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аккредиттеу схемасын ескере отырып, сәйкестігіне өздері аккредиттелетін (аккредиттелген) нормативтік құжаттардың талаптарына сай келуі;"

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды толық көлемде және аккредиттеу саласында бекітілген шекте жүргізуі.";

11) 15-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мәлімделетін аккредиттеу саласы;

4) сәйкестікті бағалау саласындағы қызметтің мәлімделген бағыты жөніндегі паспорт;"

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) құрылымдық бөлімшелер туралы ереже және олардың құрылымы.";

2-тармақтағы "1), 3), 4) және 5)" деген сөздер "1), 3-1) және 4)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер өтінім және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар белгіленген нысанға сәйкес келмеген не толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, сондай-ақ мәлімделген жабдықты басқа аккредиттелген зертхана пайдаланған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган құжаттарды келіп түскен күнінен бастап есептелетін бес жұмыс күні

ішінде қабылдаудан бас тартады және оларды қайтарудың себептерін көрсете отырып, өтініш берушіге пошта арқылы қайтарады не оларды өкіліне қолын қойғызып, қолма-қол табыс етеді.";

12) 17-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитордың қорытындысы негізінде аккредиттеу жөніндегі орган мынадай:

1) өтініш берушіні тұрған жерінде зерттеп-қарау туралы;

2) өтініш берушінің анықталған сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Аккредиттеу жөніндегі орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қабылданған шешім туралы хабарлама жіберіледі.";

13) 18-баптың 4-тармағының екінші абзацы алып тасталсын;

14) 20-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жоспарлы және жоспардан тыс бағалауды жүргізу, аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын жаңарту тәртібі мен мерзімдері;"

15) 24-баптың 2-тармағының 6), 7) және 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жоспарлы және жоспардан тыс бағалауды жүргізу күнін және нәтижелерін;

7) аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алудың күні және осы кері қайтарып алынған аттестаттың қолданысын қайта бастаудың күні мен негіздерін;"

"10) аккредиттеу аттестатының қолданысын тоқтата тұру және одан айыру күні мен негіздерін;"

16) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Аккредиттеу субъектілерін жоспарлы және жоспардан тыс бағалау

1. Жоспарлы және жоспардан тыс бағалау аккредиттеуден кейінгі шарт негізінде жүзеге асырылады. Бірінші жоспарлы бағалау бастапқы аккредиттеу күнінен кейін он сегіз айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Келесі жоспарлы бағалаулар алдыңғы жоспарлы бағалау жүргізілген кезден бастап жиырма төрт айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу өлшемшарттарын бұзушылықтарға жол бергені туралы жеке немесе заңды тұлғаның өтініші, мемлекеттік органның хабарламасы келіп түскен не аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу субъектісінің қызметін мониторингтеу нәтижелері бойынша аккредиттеу өлшемшарттарын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган жоспардан тыс бағалау жүргізуге құқылы.

Бұзушылықтар расталған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган жүргізген жоспардан тыс бағалауды жүргізу бойынша шығыстарды бұзушылыққа жол берген аккредиттеу субъектісі өтейді.

2. Аккредиттеу субъектісін немесе аккредиттеу субъектісінің өзі тұрған жерден тыс жерде орналасқан оның құрылымдық бөлімшесін жоспарлы бағалауды жүргізу мерзімі аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу саласына және оның құрылымдық бөлімшелерінің санына байланысты белгіленеді. Жоспардан тыс бағалауды жүргізу мерзімі үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.

3. Аккредиттеу жөніндегі орган жоспарлы немесе жоспардан тыс бағалауды жүргізу кезінде аккредиттеу субъектісінен қажетті түсіндірмелер, құжаттар мен мәліметтер сұратуға құқылы.

4. Жоспарлы және жоспардан тыс бағалау нәтижелері екі данада жасалған есеппен ресімделеді, онда мыналар көрсетіледі:

1) есептің жасалған күні, уақыты және орны;

2) аккредиттеу жөніндегі орган басшысының жоспарлы немесе жоспардан тыс бағалауды жүргізуге негіз болған шешімінің күні мен нөмірі;

3) жоспарлы және жоспардан тыс бағалауды жүргізген аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тегі, аты, әкесінің аты (егер олар жеке басты куәландыратын құжаттарда көрсетілсе);

4) аккредиттеу субъектісінің атауы, жоспарлы немесе жоспардан тыс бағалауды жүргізген кезде қатысқан аккредиттеу субъектісі өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы;

5) жоспарлы немесе жоспардан тыс бағалаудың жүргізілген күні, уақыты және орны ;

6) бағалау нәтижелері, оның ішінде анықталған сәйкессіздіктер және олардың сипаты туралы мәліметтер;

7) сәйкессіздіктерді жою жөніндегі ұсынымдар және оларды жою мерзімдері;

8) аккредиттеу субъектісі өкілінің есеппен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, оның қолы немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы мәліметтер.

Есептің бір данасы аккредиттеу субъектісінің өкіліне табыс етіледі.

Аккредиттеу жөніндегі орган есеп келіп түскен кезден бастап он жұмыс күні ішінде оны қарайды және аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуға не жиналған материалдарды осы Заңның 26-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен уәкілетті органға жіберуге негіздер болмаған кезде ақпаратты назарға алады не анықталған аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкессіздіктерді аккредиттеу субъектісінің жоюы туралы шешім қабылдайды.";

17) 26-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу, оның қолданысын тоқтату және тоқтата тұру, одан айыру және күшін жою";

1-тармақтың бірінші бөлігінің 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу өлшемшарттарын бұзушылықтарға жол бергені туралы шағымда не мемлекеттік органның хабарламасында көрсетілген фактілер расталғанда;"

4-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Анықталған сәйкессіздіктердің жойылғаны туралы мәліметтерді растау қажет болған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі орган осы Заңның 25-бабында көзделген тәртіппен жоспардан тыс бағалауды жүргізеді.

Аккредиттеу жөніндегі орган сәйкессіздіктердің жойылғаны туралы мәліметтерді аккредиттеу субъектісі ұсынған күннен бастап есептелетін он жұмыс күні ішінде, ал жоспарлы және жоспардан тыс бағалау жүргізілген жағдайларда – олар аяқталған күннен бастап есептелетін он жұмыс күні ішінде аккредиттеу аттестатын немесе аккредиттеу саласының бір бөлігін қайта жаңғырту не қайта жаңғыртудан бас тарту туралы шешім қабылдайды."

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтініш берушінің немесе аккредиттеу субъектісінің аккредиттеуді алу кезінде жалған ақпарат бергені анықталған жағдайда, аккредиттеу аттестатының күшін жоюды аккредиттеу жөніндегі органның өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сот жүргізеді.

7. Аккредиттеу аттестатының қолданысын тоқтата тұру және одан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады."

18) 27-бапта:

1-тармақтағы "шағымдануға" деген сөз "апелляция беруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Апелляция жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және оның жұмысына мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан кезде шешім қабылдауға құқылы.

Апелляция жөніндегі комиссияның құрамын аккредиттеу жөніндегі орган қалыптастырады. Апелляция жөніндегі комиссияның құрамына сәйкестікті бағалау саласындағы қоғамдық бірлестіктер мен уәкілетті органнан үш өкілден және аккредиттеу жөніндегі органнан бір өкіл жіберіледі. Апелляция берілген аккредиттеу жөніндегі орган шешім қабылдаған кезде қатысқан немесе өтініш берушіге немесе апелляция берген аккредиттеу субъектісіне қатысы бар апелляция жөніндегі комиссияның мүшелері апелляция жөніндегі комиссия шешім қабылдаған кезде қатыспайды.

3. Апелляция жөніндегі комиссияның төрағасы оның мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады.

Апелляция жөніндегі комиссия шешім қабылдаған кезде қатыспайтын аккредиттеу жөніндегі органның жұмыскері апелляция жөніндегі комиссияның хатшысы болып табылады.

Апелляция жөніндегі комиссияның төрағасы апелляция жөніндегі комиссия туралы ережені бекітеді, оның қызметіне басшылық жасайды, апелляция жөніндегі комиссияның отырысын өткізеді, оның жұмысын жоспарлайды.";

4-тармақта:

"шағым" деген сөз "апелляция" деген сөзбен ауыстырылсын;

"туралы" деген сөзден кейін "дауыс беру арқылы қабылданатын" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "шағым" деген сөз "апелляция" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Үшінші тұлға тарапынан аккредиттеу субъектісінің немесе аккредиттеу жөніндегі органның, сондай-ақ олардың персоналының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қанағаттанбаушылық білдіруді қамтитын даулар мен шағымдарды шешу осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүргізіледі.";

19) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Аккредиттеу жөніндегі органның Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру нысанында жүзеге асырылады.

2. Аккредиттеу субъектілерінің Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

3. Аккредиттеу субъектілерінің Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасын сақтауын бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектісіне беру және оған әкімшілік жүктемені төмендету бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді, оның ішінде:

1) мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері, мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар берген;

2) ақпараттық жүйелерден алынған;

3) бұқаралық ақпарат құралдарынан және өзге де ашық көздерден, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарынан алынған мәліметтер негізінде зерделеу, талдау, салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша бақылау субъектісіне бұзушылықтарды жою тәсілі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмай, анықталған бұзушылықтарды бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жою туралы ұсыным (бұдан әрі – ұсыным) жасалады.

Ұсыным бақылау субъектісіне қолын қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным бақылау субъектісіне мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – алғаны туралы ұсынымға белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша ұсыным ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылықты жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігі – ай сайын 25-інен кешіктірілмей, айына бір реттен артық емес.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бармай профилактикалық бақылауды тіркеудің арнайы журналында есепке алынуға жатады, ол нөмірленген, тігілген және уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекемделген болуға тиіс."

22. "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 21, 72-құжат):

8-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде және осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, респондентті тікелей немесе жанама анықтауға немесе ол туралы алғашқы статистикалық деректерді айқындауға мүмкіндік беретін статистикалық ақпарат және дерекқор құпия болып табылады және ол респонденттің келісімі болғанда ғана таратылуы мүмкін.

Сыртқы сауда қызметі және сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның сұратуы бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары және сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін тергеп-тексеру мақсаттары үшін ұсынылады.

Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның сұратуы бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеуді қолдану мақсаттары үшін ұсынылады.

Осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген, ұсынылған мәліметтерді сыртқы сауда қызметі және сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары және сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияға, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің, шет мемлекеттердің, шет мемлекеттер одағының құзыретті органдарына беруі мүмкін."

23. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; № 16, 56-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 23, 103, 106-құжаттар; № 24-I, 118-құжат; 2020 ж., № 12, 63-құжат; № 13, 67-құжат; № 14, 68-құжат; № 16, 77-құжат):

1) 58-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасы "ақшаға" деген сөзден кейін "және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 62-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасы "ақшаға" деген сөзден кейін "және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға" деген сөздермен толықтырылсын.

24. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; 2020 ж., № 11, 59-құжат; № 14, 75-құжат):

1-баптың 14) тармақшасындағы "бақылау (тауарлық) чегі" деген сөздер "қағаз немесе электрондық нысанда берілген бақылау (тауарлық) чегі" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 15, 47-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45, 46-құжаттар; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 23, 103, 106, 108-құжаттар; № 24-I, 118, 119-құжаттар; 2020 ж., № 9, 33-құжат; № 12, 61-құжат; № 14, 68-құжат; № 19-20, 81-құжат; 2020 жылғы 3 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2020 жылғы 17 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

134-баптың 2-тармағының 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, аккредиттеу саласында, сондай-ақ стандарттау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;"

26. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 152-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 8, 46-құжат; № 19-20, 86-құжат; 2020 ж., № 9, 29-құжат):

14-бапта:

7) тармақшадағы "техникалық реттеу" деген сөздер "сауда қызметін реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, тауарларды шығарған елді растау мақсатында әкелу елдерінің ақпараттық жүйелерінде экспорттаушыларды тіркеуді жүзеге асырады;"

8) тармақшадағы "техникалық реттеу саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган" деген сөздер "сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "техникалық реттеу саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға" деген сөздер "сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "техникалық реттеу" деген сөздер "сауда қызметін реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 49-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37,

39-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 103, 108-құжаттар; № 24-II, 120-құжат; 2020 ж., № 12, 61-құжат; № 14, 68, 72, 75-құжаттар; № 16, 77-құжат):

1) 1-баптың 31) тармақшасы алып тасталсын;

2) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Экспорт және импорт кезіндегі рұқсат беру құжаттары туралы жалпы ережелер

1. Рұқсат беру құжаттары тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты және (немесе) импорты кезінде, егер бұл халықаралық шарттарда көзделген болса, сондай-ақ тауарларға қатысты:

1) сандық шектеулер;

2) айрықша құқық;

3) автоматты лицензиялау (байқау);

4) рұқсат беру тәртібі;

5) тарифтік квота;

6) арнайы қорғау шарасы ретінде импорттық квота;

7) арнайы квота енгізілген болса, қолданылады.

Экспорты және (немесе) импорты халықаралық шарттарға сәйкес рұқсат беру құжаттары негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың және мемлекеттік органдар беретін рұқсат беру құжаттарының тізбесін Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті органының шешімімен бекітілген, Үшінші елдермен саудада Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесі негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Рұқсат беру құжаттарын берудің тәртібі мен шарттары халықаралық шарттарға сәйкес белгіленеді.

2. Экспорттық бақылауға жататын, экспорты немесе импорты лицензиялануға жататын өнімнің тізбесін халықаралық экспорттық бақылау режимдеріне сәйкес және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экспорттық бақылауға жататын өнімдер номенклатурасы (тізімі) негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты мен экспорты саласындағы лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар лицензия осындай растауды алғаннан кейін берілетін импорттаушы елдің кепілдік міндеттемесінің төлнұсқалығы тексерілгендігін растауды алу қажет болған жағдайды қоспағанда, отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3. Лицензия экспорттық бақылауға жататын, Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес сыныпталатын, өздеріне қатысты лицензиялау енгізілген әрбір тауарға немесе өнімге беріледі.

4. Өздеріне қатысты осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1 – 7) тармақшаларында көрсетілген шаралар қолданылатын тауарлардың экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, сондай-ақ олар қолданылатын тауарлар "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру құжаттарын беру оларды орындау үшін осы шектеулер енгізілген мақсаттарға қарағанда, тауарлардың экспортына немесе импортына неғұрлым шектейтін немесе бұрмалайтын әсер етпеуге тиіс.

5. Лицензиар мынадай лицензия түрлерін береді:

1) сыртқы сауда қызметіне қатысушыға лицензияда айқындалған көлемде лицензияланатын тауардың жекелеген түрін экспорттауға және (немесе) импорттауға құқық беретін бас лицензия;

2) сыртқы сауда қызметіне қатысушыға тауардың жекелеген түрін экспорттауға және (немесе) импорттауға айрықша құқық беретін айрықша лицензия;

3) сыртқы сауда қызметіне қатысушыға нысанасы лицензияланатын тауар болып табылатын сыртқы сауда мәмілесі негізінде берілетін және белгілі бір көлемде осы тауарды экспорттауға және (немесе) импорттауға құқық беретін біржолғы лицензия.

Лицензиар тауарларды экспорттауға және (немесе) импорттауға арналған бас және біржолғы лицензиялар беруді Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті органының немесе сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның немесе сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік органның шешімінде көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

Лицензиар тауарлардың экспортына және (немесе) импортына айрықша лицензиялар беруді Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті органының немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына және (немесе) импортына бас және айрықша лицензиялар берілмейді.

6. Бас және айрықша лицензиялар алған лицензиаттар есептік тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейін тоқсан сайын лицензиарға тиісті лицензияның орындалу барысы туралы есепті ұсынуға міндетті.

Біржолғы лицензиялар алған лицензиаттар лицензияның қолданылу мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде лицензиарға лицензияның орындалуы туралы ақпарат беруге міндетті.

7. Біржолғы лицензияның қолданылу кезеңі оның қолданылуы басталған күннен бастап бір жылдан аспайды. Біржолғы лицензияның қолданылу мерзімі сыртқы сауда шартының (келісімшартының) қолданылу мерзімімен немесе лицензияны беруге негіз болып табылатын құжаттың қолданылу мерзімімен шектелуі мүмкін.

Өздеріне қатысты экспортқа және (немесе) импортқа сандық шектеулер немесе арнайы қорғау шарасы ретінде импорттық квота немесе тарифтік квота енгізілген тауарлар үшін лицензияның қолданылу кезеңі квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталады.

Егер Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті органының немесе сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның немесе сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік органның шешімінде өзгеше ескертілмесе, тауарлардың экспортына және (немесе) импортына арналған бас лицензияның қолданылу мерзімі оның қолданылуы басталған күннен бастап бір жылдан аспайды, ал экспортына және (немесе) импортына сандық шектеулер немесе тарифтік квота енгізілген тауарлар үшін квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталады.

Айрықша лицензияның қолданылу мерзімі, қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібі әрбір нақты жағдайда Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті органының немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде белгіленеді.

8. Экспортқа және импортқа арналған лицензияның (айрықша лицензиядан басқа) қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібі халықаралық шартта белгіленеді.

9. Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына рұқсат беруді Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті органының шешімінде көзделген жағдайларда немесе осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген шараларды енгізу кезінде рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүргізеді.

Рұқсаттың қолданылу мерзімі рұқсат берілген күнтізбелік жылмен шектеледі.

Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына рұқсат алған сыртқы сауда қызметіне қатысушылар оның қолданылу мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде рұқсат беру органына тауарлардың экспортына және (немесе) импортына рұқсаттың орындалуы туралы ақпарат беруге міндетті.";

3) 1-қосымшаның 41-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

		1. Санаты – дистилляттар : 1) дистилляттар өндірісі. 2. Санаты – спиртті ішімдіктер: 1) арақ өндірісі; 2) күшті ликер-арақ өнімдерінің өндірісі; 3) виски өндірісі. 3. Санаты – бал қайнату өнімі: 1) бал сусындары өндірісі ;	
--	--	---	--

41.	Алкоголь өнімін өндіруге арналған лицензия	2) бал арағы өндірісі. 4. Санаты – сыра қайнату өнімі: 1) сыра өндірісі; 2) сыра негізінде дайындалатын сусындар өндірісі (сыра сусындары). 5. Санаты – алкогольі аз сусындар: 1) алкогольі аз сусындар өндірісі. 6. Санаты – шарап ашыту өнімі: 1) шарап өндірісі; 2) бренди өндірісі; 3) жүзім арағы немесе жеміс арағы өндірісі; 4) шарап сусыны өндірісі; ; 5) толысылған шарап өндірісі.	И е л і к т е н шығарылмайтын; 1-сынып
-----	--	---	--

”;

4) 2-қосымшада:

357-жолдағы "тауардың сәйкестігін растау, шығарылған елін анықтау" деген сөздер "сәйкестікті растау" деген сөздермен ауыстырылсын;
 мынадай мазмұндағы 357-1-жолмен толықтырылсын:

"

357-1.	Сауда қызметін реттеу саласындағы (тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі) сарапшы-аудитор аттестатын беру	Сауда қызметін реттеу саласындағы (тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі) сарапшы-аудитор аттестаты	
--------	--	--	--

”.

28. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 14, 85-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 2, 9-құжат; 2017 ж., № 10, 23-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 36-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 23, 99-құжат):

1) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады,";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады,";

2) 39-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жабдықты пайдалану және монтаждау ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады."

29. "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 1, 3-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 21-22, 90-құжат):

1) 6-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "әкету кезінде;" деген сөздер "әкету кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

5, 5-1, 5-2, 5-3, 5-4, 5-5, 5-6 және 5-7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласындағы мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жоспардан тыс тексеру мен профилактикалық бақылау және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5-1. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектісіне беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені төмендету бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

5-2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді, оның ішінде:

1) мемлекеттік бақылау субъектілері, мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар берген;

2) ақпараттық жүйелерден алынған;

3) бұқаралық ақпарат құралдарынан және өзге де ашық көздерден, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарынан алынған мәліметтер негізінде зерделеу, талдау, салыстыру арқылы жүзеге асырады.

5-3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей жүзеге асырады.

5-4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, хабарлама ресімдейді және жібереді.

5-5. Хабарлама бақылау субъектісіне қолын қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – бақылау субъектісі алғаны туралы хабарламада белгі қойған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап бақылау субъектісіне табыс етілді деп есептеледі.

5-6. Сұрау салудың өзінде орындаудың неғұрлым ұзақ мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны бақылау субъектісі ол табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындауға тиіс.

5-7. Бақылау субъектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға хабарлама табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.";

5-8-тармақ алып тасталсын;

5-9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5-9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.";

2) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Зергерлік және басқа да бұйымдар, оларды пайдалану құқығын техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган беретін уәкілетті ұйымдардың кодтары бар Қазақстан Республикасының бірыңғай сынамалау таңбасымен таңбаланады.".

30. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-І, 46-құжат;

2017 ж., № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53, 55-құжаттар; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90, 91-құжаттар; 2020 ж., № 10, 42-құжат; № 13, 67-құжат; № 16, 77-құжат):

1) 1-баптың 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"33) техникалық регламент – өнімге немесе өнім мен оған байланысты оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын талаптарды белгілейтін, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес әзірленетін және қолданылатын нормативтік құқықтық акт;"

2) 34-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) техникалық регламенттер үшін – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында;"

31. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 12, 86-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 53-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 21-22, 90-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-I, 118-құжат; 2020 ж., № 9, 33-құжат; № 12, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:

"35-1) лездік төлемдер жүйесі – төлем және (немесе) ақша аударымы бенефициарының пайдасына ақшаны лездік есепке жатқызуды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ақшаны пайдаланып, қатысушылары арасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын тәулік бойы жүзеге асыруға арналған төлем жүйесі;"

46) тармақша ", сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайда төлем ұйымы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Төлем жүйелері операторының функцияларын электрондық ақша жүйесі операторының функциясымен қоса атқаруға жол беріледі.";

3) 13-баптың 15-тармағы 9) тармақшасындағы "қызметтерді қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады." деген сөздер "қызметтерді;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) төлем жүйесіне қатысушы немесе оның операторы ретіндегі қызметті қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.";

4) 25-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мәліметтер мен деректемелер көрсетілетін төлем қызметтерін беруші не төлем жүйесінің операторы беретін штрих код түрінде ұсынылуы мүмкін.

Көрсетілетін төлем қызметтерін беруші немесе төлем жүйесінің операторы кәсіпкерлік қызмет шеңберінде ұсынылған тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді жүзеге асыру үшін беретін штрих кодтың ұлттық стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп әзірлейді. Штрих кодты пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру үшін ұйымның Штрих кодтың ұлттық стандартына қайшы келмейтін өзге де стандарттары пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, штрих кодты пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын деректемелердің банктік құпияны қамтымайтын ең аз тізбесін белгілейді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде болатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өз қызметін жүзеге асыратын орындарда төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) орнатуды және қолдануды және (немесе) лездік төлемдер жүйесін пайдалана отырып, төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға және (немесе) лездік төлемдер жүйесін пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдану тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған жағдайларда және тәртіппен төлем ұйымдарының лездік төлемдер жүйесіне қатысуына жол беріледі.

Лездік төлемдер жүйесі арқылы төлемдерді жүзеге асыру кезінде бенефициардың пайдасына ақшаны есепке жатқызуды бенефициарға қызмет көрсететін төлем қызметтерін беруші – лездік режимде лездік төлемдер жүйесіне қатысушы қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер арасында ақша аудару (түпкілікті есеп айырысу) лездік төлемдер жүйесі арқылы клиринг нәтижелері бойынша жасалады және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ақшамен қамтамасыз етіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар сауда операцияларын, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүргізу кезінде ақшалай есеп

айырысуды қолма-қол ақшаны пайдаланбай жүзеге асыратын дара кәсіпкерге және (немесе) заңды тұлғаға қолданылмайды.";

5) 39-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

6) 42-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Мемлекеттік бюджет қаражаты және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен электрондық ақша түрінде аударылатын жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызу, есепке алу мен пайдалану, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмекті мониторингтеу тәртібі мен ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша айқындайды.

Мемлекеттік бюджет қаражаты және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған электрондық әмияндардағы электрондық ақшаға өндіріп алуды қолдануға, тыйым салуға, шығыс операцияларын тоқтата тұруға, мүлікке билік етуді уақытша шектеуге, мәмілелер мен өзге де операцияларды жасауды шектеуге жол берілмейді.";

7) 43-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің электрондық ақша шығаруына қолданылмайды.".

32. "Стандарттау туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., № 17-18, 59-құжат ; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат):

1) 1-баптың 34) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"34) ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімі – ұлттық стандарттардың, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының, стандарттау жөніндегі ұсынымдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жүйелендірілген есебі жүргізілетін электрондық дерекқор;"

2) 9-бапта:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) халықаралық, өңірлік стандарттарды (оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды келісу, қолданысқа енгізу және олардың күшін жою) және шет мемлекеттердің стандарттарын, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидалары мен ұсынымдарын, шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат

сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын қолдану тәртібін айқындау;"

14) тармақша алып тасталсын;

3) 11-бапта:

1-тармақтағы "стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, стандарттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) және 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды тіркеуді;"

"11-1) стандарттау саласындағы мониторингті үйлестіруді;"

4) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Стандарттау объектілері Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын стандарттау жөніндегі құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс."

5) 21-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "әрбір үш жылға" деген сөздер "жыл сайын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

6) 27-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Халықаралық, өңірлік стандарттар және шет мемлекеттердің стандарттары Қазақстан Республикасының аумағында оларды ұлттық және мемлекетаралық стандарттар ретінде қабылдау арқылы қолданылады.

Ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері ұйымның мақсаттарын іске асыру үшін осы Заңның 16-бабы 2-тармағының және осы баптың 2-тармағының талаптарын ескеріп, стандарттау жөніндегі ұлттық органға тиісті хабарлама жібере отырып, халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдана алады."

7) мынадай мазмұндағы 30-1-баппен толықтырылсын:

"30-1-бап. Ұлттық стандарттарды түсіндіру

Ұлттық стандарттарды түсіндіруді оларды әзірлейтін ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері жүзеге асырады."

8) 35-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "қолданылатын" деген сөз "қолдану үшін" деген сөздермен ауыстырылсын.

33. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2019 ж., № 23, 105-құжат; 2020 ж., № 10, 39-құжат; № 13, 67-құжат):

1) 12-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы "төлемдерді" деген сөзден кейін ", оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 25-баптағы "алушының банктік шоттарына аудару жолымен" деген сөздер " ақшаны алушының банктік шоттарына аудару жолымен не алушының электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақша түрінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап.

Осы Заң:

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағын;

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 15-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацын және 26-тармағының төртінші және бесінші абзацтарын;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағының 9) тармақшасын;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағының 1) – 8) тармақшаларын және 27-тармағының 3) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ